«ЖҚҰО» ЖШС ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мүдделер қақтығысы

Қалай тануға болады және не істеу керек

Мүдделер қақтығысының өзі бұзушылық емес. Бұзушылық — оны жасыру (Қағидалар, 6.8-тармақ).

Бұл не

- Жеке мүдделеріңіз бен лауазымдық өкілеттіктеріңіз арасындағы қайшылық, оның кезінде жеке мүдделер лауазымдық өкілеттіктерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкелуі мүмкін (Қағидалар, 2.1-тармақ).

Мысалдар (Қағидалар, 8.1-тармақ)

- жақын туыстарыңыз ЖҚҰО-ның контрагентінде немесе бәсекелесінде жұмыс істейді;
- туыстарыңыз немесе сізге жақын адамдар жұмыс істейтін ұйымнан сатып алуға қатысасыз;
- контрагенттерден сыйлықтар немесе қызметтер аласыз;
- туыстарыңызға қатысты кадр шешімдеріне қатысасыз;
- ЖҚҰО-мен байланысты ұйымда лауазымды қоса атқарасыз.

Не істеу керек

- Мән-жай туралы мәлім болған сәттен бастап дереу, бірақ 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша өтініш беріңіз (Қағидалар, 1-қосымша).
- Кімге: жұмыскер — басшысына және комплаенс-қызметке; лауазымды тұлға — комплаенс-қызмет арқылы бас директорға.
- Шешім қабылданғанға дейін осы мәселені талқылауға және ол бойынша шешім қабылдауға қатыспаңыз (Қағидалар, 4.1, 5.1-тармақтар).

Әрі қарай не болады

- Комплаенс-офицер баға береді. Шешімді басшы мен комплаенс-офицер, ал лауазымды тұлға бойынша — бас директор қабылдайды.
- Ықтимал шаралар: ақпаратқа қолжетімділікті шектеу, мәселеден шеттету, сіздің келісіміңізбен басқа лауазымға ауыстыру, жеке мүддеден бас тарту (Қағидалар, 7.2–7.3-тармақтар).
- Мүдделер қақтығысын уақтылы ашқан жұмыскер құдалаудан қорғалады (Қағидалар, 4.2-тармақ).

Комплаенс-офицер: Уваев Е.С.
Бейбітшілік к-сі, 9, № 262 кабинет · Жедел желі: compliance@atmc.kz · Бланкілер — atmc.kz сайтындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімінде және MetaDoc жүйесінде